



1885-1935

*Қазақтың аса
көрнекті
қайреткері, ақын,
жазушы, жалынды
көсемсөз шебері
Міржақып
Дулатұлының
туғанына 135 жыл*





Дулатов М.

Бес томдық шығармалар жинағы. - Алматы: «Мектеп» баспасы.

Т. 1. Өлеңдер, роман, пьеса, әңгімелер .- 2002.-368 б.

Т. 2. Көсемсөз, әдеби-сын және зерттеу мақалалары.- 2003.-392 б.

Т. 3. Көсемсөз, әдеби-сын және зерттеу мақалалары, қазақ тілінде басылған кітаптар көрсеткіштері.- 2003.- 400 б.

Т. 4 . Ағартушылық бағыттағы еңбектері мен оқу құралдары.- 2003.-344 б.

Т. 5. Аудармалар, естеліктер, құжаттар мен деректер.- 2004.- 616 б.





Дулатұлы Міржақып.

Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Мектеп, 2013

Т.1. Өлеңдер, роман, пьеса, әңгімелер . – 368 б.

Т.2. Көсемсөз, әдеби сын, зерттеу мақалалары. – 392б.



Т.3. Көсемсөз, әдеби-сын және зерттеу мақалалары, қазақ тілінде басылған кітаптар көрсеткіштері. – 400 б.

Т.4. Ағартушылық бағыттағы еңбектері мен оқу құралдары. – 344б.

Т.5. Аудармалар, естеліктер, құжаттар мен деректер. – 504 б.

Т.6. Кейінгі жылдары табылған құжаттар мен деректер, хаттар, естеліктер. – 472 б.





Дулатұлы М.

Шығармалары. 1-т. – Алматы: Ғылым, 1996. – 280 б.


Шығармалары: Мақалалар мен зерттеулер. 2-т. – Алматы: Ғылым, 1997. – 344 б.




**Көзіңді аш, оян, қазақ,
көтер басты,
Өткізбей қараңғыда
бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап,
хал харам боп,
Қазағым, енді жату
жарамасты.**

Міржақып Дулатов






Дулатов М.
«Оян, казак!». – Алматы:
Н.Б. –Пресс-Алтын Орда,
1991. – 80 б.




Дулатов М.
Оян, казак! Роман, өлең-
жырлар, әңгімелер. – Алматы:
Атамұра, 2003. – 192 б.






Дулатұлы Міржақып.
Алашым, ардағым. –
Алматы: «Олжас
кітапханасы» Баспа үйі,
2012. – 183б.




Дулатов М.
Шығармалары:
Өлеңдер, қара сөздер,
көсемсөз. ҚазССР Ғылым
акад., Әуезов атын. әдебиет
және өнер ин-ты. – Алматы:
Жазушы, 1991. – 384 б.






Дулатов М.
Бақытсыз Жамал;
Жомартбаев Т. Қыз көрелік;
Аймауытов Ж. Ақбілек. –
Алматы: Жазушы, 2009. –
320 б.



Дулатов Міржақып.
Шығармалары: Өлең-
жырлар, әңгімелер, пьеса,
көсемсөздер мен сын-зерттеу
мақалалары. – Алматы: Ана
тілі, 2010. – 400 б.






**Дулатұлы М.
Оян, қазақ!
Ержанұлы Б.
Тұр, қазақ!
Арғыни Ә.
Жатпа, қазақ!:** Өлеңдер. –
Алматы: Таңбалы, 2016. –
188б.


**Қазақ прозасы: Хрестоматия. Үш
томдық. Үшінші том. – Алматы: Ғылым,
2001. – 548 б.**







Елім деп соққан ұлы жүрек: (Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ағартушы, публицист Міржақып Дулатұлына арналады). - Алматы, 2002. - 362б.






Дала даналары / Құраст.: Е.Әбен, Е.Дүйсенбайұлы, И.Тасмағамбетов. - Алматы: Білік, 2001. - 640б.





Мұқанов Сәбит. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Атамұра, 2008. – 384 б.





Раев Қ.М.
Алаштың арда ұлдары (мақалалар мен зерттеулер). Оқу құралы. - Алматы: ТІЛ оқу – әдістемелік орталығы, ЖК «Сабо», 2010. - 140б.


шумағына үніліп, ой аулауды, оны халыққа түсіндіруді, ұғындыруды қажет етеді.

КЕМЕЛ ОЙДЫҢ КЕМЕҢГЕРІ
МІРЖАҚЫП ДУЛАТОВ
(1885-1938)

Адамзат тарихындағы аса бір қаралы кезеңдер – адам ойының мүлде аласарып, тар қапаста тұншығуының зардаптарын шеккен, бүкіл халыққа індет боп келген ХХ ғасырдың екінші ширегіндегі саяси-тарихи жағдайлар бұл күнде қайта қопарылып, шындықтың саулесімен басқаша көріне бастады. Арғымақтың арынын басып, асауға жеңдеттің қолымен тұсау салмаққа ұмтылған баскесерлік соқыр сенімдердің күлін көкке ұшырған жаңа дәуірде осыған дейін халықтың рухымен бірге жасасып, тұншығып жатса да, қасиет-қадірін күн өткен сайын арттырып, жаңа дүниеді өзіне тартып отырған, ұлтымыздың ар-ожданы іспетті белгілі Бес АРЫСТЫҢ халқымен қайта табысуы рухани жеңісіміз десек қателеспеспіз. Бүгінде әрқайсысының шығармалары топтастырылып, жеке жинақ болып басылып шығуы да олардың творчествосын насихаттаумен қатар ғылыми-зерттеу, тану жұмыстарының алғашқы қадамдары болып отыр. Әмбебап сөз иелерінің творчестволық еңбектері өз ерекшеліктеріне қоса сол заманның тұтас суретін жеткізуде бірін-бірі толықтырып, байыта, аша түседі. Ахмет Байтұрсынның терең ойларын, Мағжан Жұмабаевтың нәзік лиризмін, Шәкәрімнің шындықтың шынрауынан тамыр жайған философиялық жырларын, Жүсіпбек Аймауытовтың шығармашылық шеберлік дарынын, Міржақып Дулатовтың лепті өлеңдеріндегі асқақ та арманыш рухты алмастың әр қырындай сом күйінде қабылдағанда ғана олардың ел қамын ойлаған қайраткерлік бейнесі де биіктей түседі.

Осы орайда үстіміздегі жылы “Жезушы” баспасынан жарық көрген Міржақып Дулатовтың “Шығармалары” рухани қазынамызды байыта түскен құнды еңбек болды. Жинақта Міржақып Дулатов өлеңдері хронологиялық жүйемен





аудармасын ұсынып, «қазақ жұртының белгілі бір бөлігінің орыс билігі мен орыс жұртына қатынасын білдіретін» бұл кітапшаны оқып шығуын өтінеді¹.

Семей округтің соты М.Дулатұлы ісін жүргізу барысында Қазақ қалыңындағы баспа ісі бойынша Уақытша Комитетке қайырылып, «Оян, қазақ!» қапшалықты ағға сөйкес екендігі жөнінде пікірін сұрайды. Уақытша Комитет 1911 жылғы 8 қарашада берген №1735 жауабында өзінің «Оян, қазақты» қылмысты деп тауып, кітаптың таралуына тыйым салуға және оның авторы М.Дулатұлының қылмысты істер Заңының 128 және 129-баптарына сөйкес жауапқа тартуға рұқсат сұрап Саратов Сот палатасына қатынас қағазын жібергенін хабарлайды².

Баспа ісі бойынша Уақытша Комитеттің бұл шешімін негізге ала отырып, Семей округтік соты М.Дулатұлының қылмысты істер Заңының 129-бабының 6-тармағы бойынша қылмысты деп тауып, 1911 жылдың 23 желтоқсанында тергеу кезіндегі мерзімін есепке алмағанда 1 жылға абақтыға жабу туралы үкім шығарады³.

М.Дулатұлының абақтыға жабылғандығынан хабардар азаттық қозғалыстың өкілдері оған араша түсу әрекетін жасайды. Мәселен, 1912 жылы қаңтарда Бөгелі болысынан Смаи Бегімбетов пен Абралы болысынан Белгібай Алдабергенов залогқа екі мың сом ақша төлеп, М.Дулатұлының абақтыдан шығатын алады. Бірақ артын ала губернатор Тройницкийдің бұйрығымен ол қайтадан Семей абақтысына жабылады⁴.

1911 жылы Орынборда татар тілінде шығатын «Уақыт» газеті мен «Айқап» журналы М.Дулатұлының абақтыға жабылғаны туралы хабар жариялайды⁵. «Айқаптың» 6-нөмірінде жарияланған хабарда автор «Быттыр қазақ шайыры Ақмет Байтұрсынов та Семей түрмесінде тоғыз ай себесіз нәм тексерусіз зарығып отырған еді. Мұның қалі нешік болар?!» деген қауіп білдіреді⁶. М.Дулатұлы жөнінде

¹ Сонда, 4-п.

² Сонда, 12-12-06-п.

³ ООММ, 21-к, 2-т., 598-іс, 87–87-06-п.

⁴ КР ОММ, 15-к, 1-т., 408-іс, 15, 17, 17-06, 19-к.

⁵ «Ақтөз» газеті, 1911, №802; «Айқап» журналы, 1911, № 6, 10-11-66, № 7, 10-6; №9, 14-6.

⁶ «Айқап» журналы, 1911, № 6, 11-6.

хабарларды жариялағандары үшін Орынбор генерал-губернаторының қаулысы бойынша «Уақыт» газетіне 300, ал «Айқап» журналына 100 сом айып салынады¹.

М.Дулатұлы Семей абақтысында 1912 жылдың желтоқсанына дейін отырып шығалы. Шыққан бетте, яғни 1913 жылдың басында ол Орынбор қаласына келіп жетеді. Оған себеп болған сол тарихи кезеңдегі қазақ облыстарында қалыптасқан саяси жағдай еді. М.Дулатұлы бұдан былайғы уақытта қазақ облыстарында жүріп қоғамдық-саяси жұмыспен айналысу мүмкін еместігін жақсы түсінді.

Отаршыл өкімшіліктің қазақ аңияларының қарсылығын басу саясаты жоғарыда аталған қайраткерлермен шектелмегені түсінікті. Мәселен, 1909 жылы жанлар орындары саяси белсенділігі үшін Зайсан уезінің мұғалімі Отышсы Әлжановты түрлі жалалар жауып, алдымен Семей абақтысына отырғызып, соңынан Жетісудағы Леңгіс қаласына жер аударалы².

1910 жылы университетті жаңа бітіріп келіп, қызметке орналасқан зангер Жанаша Досмұхамедовты генерал-губернатор «Радикал-листок» газетінде жер мәселесіне байланысты жариялаған мақалалары үшін Орал облысында тұруға тыйым салды. Ж.Досмұхамедов 1917 жылғы Ақпан революциясы жеңгенге шейін Сібірдегі сот мекемелерінде қызмет жасайды³.

Сонымен, шамамен 1912 жылы бірінші орыс революциясынан бері белсенді қоғамдық-саяси қызметке араласа бастаған қазақ аңияларының отаршыл өкімшілікпен бетпе-бет келген күресінің алғашқы кезеңі осылайша аяқталды. Бұл күресте, өрине, екі жақтың күші мүлдем тең емес-ті. Соған қарамастан ұлт аңиялары өзінің негізгі мақсатын — ұлттық тәуелсіздікке жету — бас тартқан жоқ, қайта оның өз ісін ойландырып неғұнәм шығарып түсті. Сонымен бірге осы кезеңде жаңа ғана қарқын ала бастаған ұлт-азаттық қозғалыстың жетекші тобы да айқындала түсті. Бұл топ 1913 жылы қазақ қоғамы үшін саяси күрестің мүлдем жаңа кұралы — жалпұлттық саяси басылымды ұйымдастырды. Ол «Қазақ» газеті еді.

¹ Сонда, 1911, №9, 14-66.

² Дулатұлы М.Шығармалары, А., 1991, 294-б., 307-308-т. ж.


³ КР ҰҚКМ, 2370-іс, арх. № 6610, 2-т., 394-п.

Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Бірінші том. – Алматы: Мектеп баспасы, 2008. – 480 б.







Алаш қызы Гүлнар:
Естелік-эссе . – Алматы:
Мектеп, 2014. – 264б.



Бес арыс: Анықтамалық көрсеткіш.
Ш. Құдайбердіұлы, А. Байтұрсынұлы,
М. Дулатұлы, Ж. Аймауытұлы, М.
Жұмабайұлы. - Алматы: «Орхон» Баспа үйі,
2017. - 100б.





**Алаш қозғалысы және оның Жетісулық қайраткерлері.
(Құжаттар мен материалдар жинағы). - Алматы, 2017. – 145 б.**



**АЛАШ ҒЫЛЫМЫ МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫ
ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК ИДЕЯСЫ**

«Азырақ сөзге құлаған сал, ақын інім! Ойымыз, рухымыз жақын, інім. Аналық правосын қолыма алып, келемін айтайын деп ақыл, інім. Өзімді ағамым деп үкпейтмін, онымды көремсің мақұл, інім! Адамдан ағамыздың жері болса, тіпемін еге гөр деп гафу, інім! Жай жатсаң жапылмайсың, алдаспайсың, күресте кім кетпейді қапыл, інім! Ат қойған аз-қобіне қарамастан, ақылға бідер жарлы, пақар, інім! Доңыздай талғамай жең семіргендер, саналып ақылдыға жатыр, інім! Сүйікті мидіңіңа болам десен, нашардың көбірек же, хақын – інім!» – деген А.Байтұрсынұлы.

«Оян, қазақ!» деп Алаштың ұранын жарлап өткен Міржақып Дулатұлы қазақ ғылымына орасан зор үлес қосып кеткен тұлға. «Көзінді аш, оян, қазақ, көтер басты, Өткізбей қараңғыда бекер жасты. Жер кетті, дін нашарлап, хал һараб боп, Қазығым, енді жату жарамас-ты» – деген М.Дулатұлы. Қазақ тарихын, әдебиетін таныту ісіне үлкен үлес қосып кеткен ғалым. Совет кезінде Қ.И.Сәтбаев пен Ә.Майғұлашар осы Алаш арыстарына қарай бой түзетін екен.

Екі жасында шешеден, он екі жасында әкеден қалған Міржақып сол кездегі дәстүрлі білімді алған. Өуелі мұсылманша, одан кейін 1880 жылдары ашылған Ыбырай Алтынсарыұлының мектебінен өткен: Торғай қаласындағы уездік орыс-қазақ училищесін тамамдаған. Одан кейін Асқар ағасының тәрбиесінде болады. Омбы мен Қарқаралыда Ө.Бөкейхан мен А.Байтұрсынұлының мектебінен өтеді. Саяси көзі ашылған М.Дулатұлы 1907 жылы Петербургте шыққан «Серке» газетінде «Жастарға» деген ұран-өлеңімен серпіліс тудырды. «Оян, қазақ!» Уфада 1909 жылы жарық көрді. Күні бүгінге дейін бұл қазақ үшін басты рухани ұран болып келеді. Алаш саясаткері, қоғам қайраткері, әдебиетші, ғалым, ақын, тұңғыш қазақ романының авторы М.Дулатұлының әдебиеттанулық мұрасы арнайы тұңғыш рет сараланып отыр. Отаны үшін репрессияға жазықсыз ұшыраған ғалымның мұрасы тәуелсіз ғылымды басты елімісі болып табылады.

Әдебиетші М.Дулатұлының осы өлеңіндегі азаматтық тұғыры оның бүркеншік есімдерінен анық аңғарылады: Аргын, Торғайлық, Турғайский, М.Дулатұлы, Мадяр, Алаңұлы Азамат, Азамат Алашұлы, Азамат, Торғайұлы, Түрік баласы, Таймінер, Тайбағар, Алақоз, Қолғанат.

Алаш азаматы М.Дулатұлы – қазақ әдебиеттануы ғылымына нақты үлес қосқан тұлға. Енді осы ғылыми мұраны бүгінгі тәуелсіз әдебиеттану тұрғысынан зерделеп шығайық.


М.Дулатұлы «Абай» мақаласында «Опат. 23.IV.1904» деп ақынның өлген жылын анықтап жазған. Абайдың қайтқанына 10 жыл болу қарсаңында («Қазақ», 1914, № 67) жарияланған. «Қазақ әдебиетінің атасы, Хакімінде тарихта аты алымен жазыларлық Абай Шыңғыс тауында туып, Шыңғыс тауында алпыс жыл өмірін өткізіп, сол Шыңғыс тауында өлді»¹.

Абай туралы 1904 жылы Омбыда Ахмет Байтұрсынұлының естігені, Ө.Бөкейхан бастауымен 1909 жылы Абайдың балалары ақын кітабын бастырды. Петербурдан шығарғаны сөз етілген. «Абай сынды ақынның қалірін білмеу қазақ халқының

¹ Дулатұлы М. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы: Мектеп, 2003. 189-б.

Ісімақова А.С. Алаш ғылымы және тәуелсіздік /А.С. Ісімақова. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2015. - 380б.





ББК 63.3(2К)

С 22 ~~С-206~~

Сәрсекеев Қ.

С 22 Отыз жетінші жыл: Әңгіме. — Алматы: **ҒӨПБк «GAUHAR»** 1998. 53 б.— (қазақ тілінде)

ISBN 9965-440-06-9

Қоғабай Сәрсекеев — оқушы қауымға кеңінен таныс жазушы. Қаламгердің «37-ші жыл» деп аталатын бұл әңгімесі жеке кітап боп қазақ, орыс және ағылшын тілінде тұңғыш рет жарық көріп отыр. Халық арасында «ноубет жыл» атанған — 1937 жыл трагедиясы шығармада барынша шынайылықпен баяндалады. Әңгіменің тілі шұрайлы, сюжеттік желісі ширақ, мазмұнға бай. Автор оқушы назарына ұсынып отырған бұл кітабын азатты жылдар құрбандарының асыл рухына бағыштайды. Олар: Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Сөкен Сейфуллин, Лияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, ... иә, олар тіптен көп — жазықсыздан жапа шеккен кешегі Кеңес Одағы тұсындағы зобалаңды 19 миллион 840 мың «халық жауы» атанған боздақтардың қайсыбірінің атын тізіп тауысуға болады — өте мол.

Бұл кітап сол қаралы — 1937 жылдың аңы шындығын айғақтайтын жазушының төл туындысы.

С 0503020905-05
00(05)-98


ISBN 9965-440-06-9

ББК 63.3(2К)

© Сәрсекеев Қ., 1998


Сәрсекеев Қ. Отыз жетінші жыл: Әңгіме. — Алматы: «GAUHAR», 1998. — 176 б.





Галиев В.З.



Ұлтты оятқан кітап (Міржақып Дулатұлы және оның «Оян, қазақ!» кітабының ізімен). – Алматы: Мектеп, 2013. – 416 б.



Галиев В.З.


Книга разбудившая народ. Разыскания о Мыржакыпе Дулатове и его сборнике «Проснись казах!». – Алматы: Мектеп, 2011. – 528 с.





Сыздықова Рәбиға. Қазақтың ғылым әлеміндегі алғашқы алыптар. - Т.13. – Алматы: Ел-шежіре, 2018. - 384 б.





Басқалардың заманға қарай өтіп жатқан амалын көруімізге газет-журнал керек", – деп жазды тәу басылымның бас мақаласында шығарушы бас редактор Ахмет Байтұрсынов.

Сәл-пәл шегініс жасағанға "ҚАЗАҚ" газеті әуелде 1907 жылғы наурыз айында, Троицк қаласында шыққан. Бір саны шығып тоқтап қалған. Шығарушысы – Хаим Шумлов-Сосновский, бастырушылар – Жетпісбай Андреев, Ешмұхамет Иманбаев. Бұл жайлардың бәрі татар зерттеушісі Рәмиевтің "Уақытылы татар матбұғаты" деген альбомында жазылған. Алайда, ұлттың бас газеті, қалың қазақ елінің айнасы, шамшырағы болған, білім мен өнерді, мәдениетті насихаттап, әсүртішылдыққа таныстырған "ҚАЗАҚ" газеті Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовтың арқасында оқырмандарымен қайта қауышты. "АйҚАП" пен "Дала уалаятының газеті", "Түркістан уалаятының газеті", "Қазақстан" беттерінде жарияланған мақалалар мен хат-хабарлардың библиографиясына "ҚАЗАҚ" газетінің Орынборда 1913 жылғы 2-ші ақпандан бастап шыға бастағаны айтылады. Редакторы Ахмет Байтұрсынов, бастырушы "Азамат" серіктігі, Құсайынов – Кәрімов баспаханасы. Архивте газеттің екінші редакторлығына М.Дулатовты тағайындау туралы 1914 жылғы 19 мамырда Орынбор губернаторына жоғарғы баспасөз басқармасының берген бұйрығында: "Орынборда Ахмет Байтұрсыновтың редакторлығымен шығып тұрған "ҚАЗАҚ" газетінің екінші жауапты редакторы қызметін атқаруға Торғай облысы, Сарықопа болысы, №1 ауылдың қазағы Мир-Якуп Дулатович Дулатовқа рұқсат беріледі", делінеді. Ал газеттің 1918 жылғы 261-265-сандарының редакторы Жаңұзақ Жәнібеков болған. Бұдан кейін де "ҚАЗАҚ" газетін

Сәрсекеев Қоғабай. Қазақ шаруасы. – Алматы: Gauhar, 2013. – 510 б.





XX ғасыр әдебиеті

саласын менгерген, елінің ұлттық санасының оянуы мен азаттығы жолындағы күресте қатыгез тағдырға қайыспай қарсы тұрған. Азаматтық нар тұлға - Ахмет Байтұрсынұовтың шығармашылық мұрасын бүгінгі ой-сана биігінен осы тұрғыдан бағалауымыз керек.

Міржақып Дулатов
(1885-1935)


XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ даласындағы күрделі қоғамдық-әлеуметтік жағдайды өз шығармаларында айқын көрсетіп, қажетті ойды ашып айта білген сөз шеберінің бірегейі - Міржақып Дулатов. Ол тек әдеби-шығармашылықпен ғана айналысып қоймай, қоғамдық өмірдің қай саласында болмасын өшпес із қалдырған тұтас тұлға, ұлы санаткер, ірі қоғамдық-саяси қайраткер ретінде де танылды. Санқырлы дарын иесінің мол мұрасының ішінде, әрине, әдеби шығармашылығының орны бөлек-ақ. Әдебиетке өзінің тұңғыш туындысымен "Оян, қазақ!" деп ұрандата келген ол, қазақ әдебиетіне өршіл сарын, тілеп түсер өткір сөз, ойлы пікір әкелді.

Халқының ой-арманының діттеген жерінен шыққан ақын өлеңдері талай ұрпақтың жүрегінде жатталып, көкірегінен жылы орын тепкені анық. Ұзақ жылдар бойы тек қара күйе жағылып, аты ашық түрде аталмаса да Міржақып есімі азаматтық пен күрескерліктің символындай еді. Кейбір әдеби зерттеу еңбектерге сыналай кіріп, сыналып жатса да, сол шағын үзінділерден-ақ Міржақыптың халық қасіретін жанымен түсініп, шығармашылығына алтын арқау еткен жан екені сезініп-ақ тұратын. Бүкіл ғұмырын елінің бостандығы мен теңдігі жолында сарп еткен азаматтың шығармашылығымен кеңінен танысып жатқан бүгінгі шақта көп нәрсеге көзіміз жетіп, тума таланттың болмысын нақты танығандаймыз.

Ол - қандай бір тақырыпқа жазбасын және қай жанрға қалам сілтемесін өзі өмір сүрген тарихи кезеңдегі қазақ тағдырының шындығына бойлап, өзекті мәселелерді ескіше талдап, ежіктей түсіндіріп жаза білген. Ақын жанын жегідей жеген өткір сұрақтарды алдымен өзі терең түйсініп алып барып сонансоң өлеңмен өрілген асыл ойлары арқылы оқырманға жеткізуге ұмтылады. Сондықтан да XX ғасырдың басында "Әдебиетті ардың ісі" деп түсінген қарымды қаламгерлеріміздің бірі - Міржақып Дулатов екенінде дау болмаса керек.

Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы: Оқу құралы. 2-кітап. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 455 б.






Алашорда: Фотоальбом. – Алматы: «Орхон» Баспа үйі, 2012. – 284 б.



Төлепберген Б. Мәңгі жас – Алаш идеясы: Публицистикалық зерттеулер мен мақалалар. – Алматы: Алматы баспа үйі, 2008. – 304 б.





Алаш. Алашорда. Энциклопедия. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 544 б.

АЛАШОРДА

пешелен, 10 жаста әкелен айырылып, ағасы А.Дулатовтың қолында өскен. Алғашында ауыл молдасының хат танып, кейін Торғайдағы Ы.Алтынсарин ықпалымен ашылған 2 сыныптық орыс-қазақ мектебінде білім алған (1902). Ауыл мұғалімі деген куәлік алып, ауылда бала оқытады. 1904 ж. Омбы к-на қоныс аударған. Осы қалада А.Байтұрсыннов, Ә.Бөкейхановпен танысады. Омбы, Қарқаралы, Орал, Санкт-Петербург қ-ларында көрнекті қоғам қайраткерлерімен пікірлесу, саяси қозғалыс-




Дулатов М.


тарға араласу Д-тың саяси-әлеум. көз-қарасының қалыптасуына ықпал етеді. Д. 1905 ж. 17 қазанда Ресей үкіметіне қазақ халқы атынан жолданған *Қарқаралы құзырхатын* дайындаушылардың бірі болды. 1905–07 жж. Зайсан уезіндегі Бекмұхамбет қажы ашқан қазақ мектебінде сабақ берген. 1906 ж. Д. Конституциялық демократтар партиясы делегаттары қатарында Санкт-Петербургке барды. Түрлі сипатты жиналдар мен саяси күштер ұйымдастырған көше шерулеріне, ереуілдерге қатысады. Осы кезден бастап Ресей үкіметі құпия полициясының саяси сәніміз адамдар тізіміне ілігеді. 1907 ж. Санкт-Петербургте жалғыз ғана нөмірі шыққан «Серке» газетінде Д-тың «Жастар-

ға» деген өлеңі басылады. Оның тұңғыш өлеңдер жинағы 1909 ж. Қазан қ-ндағы «Шарқ» баспасынан «Оян, қазақ!» деген атпен басылып шығады. Қазақ оқырмандары үшін бұл кітаптың әсері үлкен болды. Ауыл арасында қолдан-қолға тарап, аз уақыттың ішінде ақынның есімі танымал болды. Ресей әкімдері тарапынан бұл кітапты оқуға тыйым салынып, қолға түскен даналары тәркіленген. Д. Қызылжарда сот кеңесінде тілмаштық қызмет атқарып, мұғалімдігін де жалғастырады, қазақ балаларына орыс тілінен сабақ береді. Сол кезде біраз уақыт М.Жұмабаев одан дәріс алады. 1910 ж. Қазандағы Қаримовтер баспасынан «Бақытсыз Жамал» романы жарық көреді. Қазақ басылымдарына, әсіресе «Айқап» журналына үзбей мақала жазып тұрады. Әр өлкедегі ел тұрмысын өз көзімен қору ниетімен 1911 ж. қазақ ауылдарын аралап, Қызылжардан Семей облысына қарай сахатқа шығады. Құпия полиция тыңшыларының қатты алдығын алыптан Д. 1911 ж. маусым айының жетідей күні Семей қоныс қалғанда ол түскен М.Малдыбаевтың үйіне тінту жүргізіліп, тұтқындалады да, 19 ай қамауда отырады. 1912 ж. Орынборға келеді. Осындағы қазақ зиялылары ақыл қосып, ел санасын оята беру мақсатымен бәспасөз қызметін қолға алуды ұйғарады. Д. 1913–18 жж. «Қазақ» газетінің бас редакторы Байтұрсынның орынбасары, жауапты хатшы қызметінде болады. Сол кезеңде Д-тың «Азамат» (1913), «Бақытсыз Жамал» (екінші рет, 1914), «Терме» (1915) кітаптары жарық көрді. 1917 жылдың 25 ақпанында Торғай губернаторы М.Эверсман, Ә.Бөкейхановтың ұсынуымен Д-қа және дәрігер Ә.Алдияр-овқа арнайы куәлік беріп, оларды






Дулатова Г. М. Шындық шырағы: Естелік-эссе. – Алматы: Мектеп, 2013. – 408 б.





Қайсар Әлім. Мұнды сапар. Хикаят-сапарнама. — Алматы: Ана тілі, 1997. — 135 б.




ГҮЛНӘР АПАЙДЫҢ АРМАНЫ

Міржақып Дулатұлы ақталды. Ақ түйенің қарыны жарылды. «Халық жауы» деген қара күйе аспақ ардың бетінен шындықтың қырғышымен мәңгілікке қырылып тасталды. Сөйтп, қазақтың біртуар асыл азаматы рухани ортамызға сағандыртып оралды. Қомниып қалдық, көзге жас тірелді, жүрек атойлады...

Жатсам, тұрсам бір ой мені тұртпектей береді... «Сарықопаның сағынышты сыңсуы, Қоңыраулының қоңыр әуен ағысы, Қызбелдің қызықтыра қол бұлғаған шыңдары, қайсыбірін айтарсың — барша сұлулық атаулының мекені — осы туған өңірдің бір аталас перзенттері өкөнсіңдер, Міржақып туралы келешекке хат жазып қалдыру сенің парызың емес пе?» деп бір әдеуәтті үн құлақ түбінде күндіз-түні сарнайды да тұрады. Бебеулейді берекемді қашыра, бара-бара айбарды үннен, шыққан күннен ұялып бетімді басатын болдым. Міржақыптың қабырғада ілулі тұрған суретіне әлдеқалай көзім түсіп кеткенде бойым шымырлап, «не бітіріп отырмын осы?» деп сабырсызданамын...

Осындай түңілу, шымырқану үстінде бір күні — 1990 жылдың 3-қаңтарында Қостанайдан Міржақыптың Алматыдағы қызы Гүлнәр апайға отыра қалып хат жаздым... Былай дегенім есімде: «...Ендігі менің ойым айтады, апай,





Мұхамедханов Қайым. Абай мұрагерлері. – Алматы: Атамұра, 1995. – 208 бет.





Жетпеген еңбектерінің бірі

қырлы жолы ретінде романтизмнің мүмкіндіктерін жан-жақты пайдалану, «мінез психологиясын терең талдау, адамның жандүниесін толық ашып көрсету арқылы идеялық-эстетикалық жүйе деңгейіне алдымен көтерілген романтизмнің» [79, 152 б.] көркемдік жетістіктерін толық игеру, өсіресе, XX ғасыр әдебиетінде, оның ішінде М. Жұмабаев шығармаларында көңінен жүзеге асты.

2.2 XX ғасыр басындағы қазақ прозасындағы романтикалық тенденция мен оның ұлттық сипаттары

Болмыс жұмбағын адамзаттың көркемдік-эстетикалық танымына тән романтикалық, символикалық сарында бейнелеу тәсілдері қазақтың дүниетанымына да жат болмады. Бұл тәсілдер, өсіресе, XX ғасырда күшейе түсті. Жалпы XX ғасырдың басындағы романтизмде бағдар біршама өзгере бастады. Романтикалық сананың эволюциясымен, жаңа көркемдік-бейнелеу тәсілдерінің ізденістерімен қатар адамның кемелсіздігін сезіну айқын көріне бастады. Объективті нақтылық, қоғамдық құрылымның әділетсіздігі өзектілігін жоғалтпайды, бірақ субъективті бастау күшейе түседі: адамның өз ішіне, жан елемінің тереңіне үңілуі басым, ол әлемдегі әділетсіз құрылымның себептерін өзінен іздейді.

XX ғ. басында қазақ романтизмі ұлттық ерекшеліктерімен көрінді. Осы орайда көркемдік-әдеби жүйе ретінде романтизмнің эволюциясын зерттеу маңызға ие. Қазақ әдебиетіндегі романтикалық тенденциялар ең алдымен ұлттық әдеби дәстүрлерімізбен анықталады. Ауыз әдебиеті үлгілері, фольклорлық дәстүр халықтың дүниені қабылдау ерекшелігін, дүниетанымының маңызды тұсын тағытады. Сондықтан романтизмнің генезисін саралауда, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі романтизм құбылысын қарастыруда ұлттық ерекшелікті ескеріліп, қазақ әдебиеті дамуының негізгі тенденцияларын, қазақ прозасындағы романтикалық-символистік тенденциялардың даму ерекшелігін қарастыруда романтизмнің осы типологиялық қасиеті басты ұстанымға айналуы тиіс.

Б. Мамыраев «XX ғасырдың бірінші ширегіндегі қазақ әдебиетінің дамуындағы негізгі тенденциялар» атты еңбегінде әдебиеттану ғылымында көп зерттелмеген мәселеге

Жетпеген еңбектерінің бірі

өрекеттерін даралап отыруға қолдану – қазақ прозасының алғашқы үлгілерінен мольнан кездесетін белгілер.

Қазақ прозасының шымылдығын алғаш ашқан шығарма - М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романында романтизмге тән бейнелеу тәсілдерінің көрінуі ұлттық әдебиеттің өзіндік даму логикасынан туындайды. Прозаның енді ғана қалыптасуы тұсында тәжірибені бірден күрделі жанр романдан бастау қазақ мәдениетіндегі эстетикалық құбылысқа айналды. Романтизм эстетикасының көркем сөздің прозалық формаларының, оның ішінде субелі жанр романның қалыптасуындағы орны маңызды болды.

М. Дулатов романда қазақ қоғамындағы әйелдің тағдырын қозғайды. Шығарма сол тұстағы қазақ прозасы үшін дәстүрлі сюжет желісімен өрбиді. Негізгі оқиға желісі ауқатты отбасында ата-аналарының сүйіспеншілігіне беленген Жамал бейнесімен сабақтас. Ол - Сәрсенбай мен Шолпанның құдайдан жалбарынып сұрап алған перзенті. Жамал жасынан зәректігімен, сұлулығымен елдің көзіне түседі. Әкесі қалауымен байдың баласына барғысы келмеген Жамалдың жас мұғалім Ғалиға ғашық болуымен өртегіге ұқсас сюжет біршама күрделене түседі. Екеуінің бақытына өз әлеуметтік ортасынан қарсылық болатынын сезген олар қашып кетеді. Аз болса да, бірге тұрады, алайда қуаныштары ұзаққа бармай, Ғали көнеттен қайтыс болады.

Жамалдың Ғалидың қабірінде айтқан қоштасу сөзі болашақ трагедиялық оқиғадан тұспал береді. Үлкендердің шешімімен Жамал құда түскен бұрынғы күйеуіне еріксіз қайтып барады. Ішкі әлемінің талаптарымен өмір сүріп үйренген Жамал кектенген күйеуінің зорлығы мен қорлығына шыдай алмайды. Ол Ғалиды ұмыта алмай, диуана кісіше өмір сүрді. Күйеуі қатты соққыға жыққаннан кейін ол қыстың боранды түнінде үйден көтіп қалады. Ерtesіне оның жолда үсіп қалған денесін кездесейсоқ жүргіншілер тауып алады.

М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романындағы Жамал бейнесі даралауда, оған бөлекше мінез үстеуде, романтикалық портрет жасауда ауыз әдебиетінің эпикалық образ мүсіндеу үлгісінде жасалған («көлге қонған аққудай», «жәннаттың пісіп тұрған алмасындай», «нұрлы жүз, жайнаған көз, қиылған қас» [80, 144 б.]. Жамалдың келбеті Ғалидың қабылдауында

Жанұзақова Қ. Т. Қазақ прозасындағы романтизмнің көркемдік әлемі:
Монография. – Алматы: ИМ «Есенбекова», 2010. – 448б.





Миржакип Дулатов – сельский учитель в Сарыкопинской волости Тургайской области, педагог.

Казахский поэт, писатель, один из лидеров национально-освободительного движения Казахстана и правительства «Алаш-Орды». Также известен под псевдонимами Мадияр, Азамат, Тайминер, Тюрк баласы и Арғын баласы.

Миржакип Дулатов родился 25 ноября 1885 года в ауле № 1 Сарыкопинской волости Тургайской области. Мальчик рано лишился матери Дамеш; она умерла, когда ему было всего два года. Отец Дулат умер, когда мальчику было 12 лет. Миржакип окончил начальную школу в ауле. В 1901 году он поступает в Государственное русско-казахское училище, педагогический класс которого окончил в 1902 году, став сельским учителем. Преподавателем казахского языка в этом училище был Ахмет Байтурсынов, с которым в дальнейшем будет неразрывно связана литературная и политическая деятельность Миржакипа Дулатова. В 1904 году в Каркаралы Миржакип познакомился с Алиханом Букейхановым.


В 1907 году Дулатов едет в Санкт-Петербург, на Всероссийский съезд кадетов делегатом от казахской партии конституционных демократов. В Петербурге он создаёт журнал «Серке» и в его единственном выпуске публикует поэму «Жастарға» (*Молодёжи*). Также он пишет статью «Біздің максатымыз» (*Наша цель*) для второго номера журнала, который так и не вышел в свет.

Царским указом от 3 июля 1907 года казахи, как и все коренные народы Сибири и Средней Азии, были лишены права участия в Государственной Думе России, чем в корне подрывалась сама возможность национального самоуправления. В своей статье «Закон от 3 июля и казахи» Дулатов подверг критике это решение, как несправедливое: «Если при решении казахских вопросов не будут участвовать депутаты от казахов, то как бы ни были эрудированы и красноречивы депутаты, выступающие по этим делам, никакого компетентного решения быть не может», – писал он. Политическое кредо Дулатова чётко определилось, когда он в 1909 году выпустил свой первый поэтический сборник



Ахметова Г.К. Репрессированные учителя: монография. – Алматы: Казак университеті, 2020. – 250 с.





Абылкасымова А.Е., Косанов Б.М. История становления и развитие методики преподавания математики в Казахстане. Учебное пособие. – Алматы: Мектеп, 2020. – 332с.

